



ҚР БҒМ Экономикалық және кәсіптік білім департаментінің директоры  
басқару қызметі Н.Оспанова  
2020 ж.

**Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік Күнін мерекелеуге арналған  
Республикалық «Мен-кәсіпкермін» онлайн Гранд турнирінің  
ЕРЕЖЕСІ**

**ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы колледждерінің студенттері арасында өткізілетін «Мен-кәсіпкермін» республикалық онлайн Гранд турнирінің (бұдан әрі – Гранд турнир) мақсаттарын, міндеттерін, қатысушылар санатын және өткізу тәртібін айқындайды.
2. Гранд турнир Қазақстан Республикасы жас ұрпақтың кәсіпкерлік бастамаларын қолдау және дамыту мақсатында өткізіледі.
3. Гранд турнирдің міндеттері:
  - колледж студенттерінің үздік startup, бизнес-идея, жобаларын іске асыру мақсатында, олардың базасын құру;
  - колледж студенттері үшін конференциялар мен оқу семинарларын өткізу;
  - студенттер арасындағы коммуникациялық байланысты дамыту.
4. Гранд турнир пайда немесе басқа табыс алу мақсатын көздемейді, қауіп элементі жоқ, тек ақпараттық сипатта және осы Гранд турнир Ережесіне сәйкес өткізіледі. Гранд турнирге қатысу үшін төлем алынбайды.
5. Гранд турнирдің ұйымдастырушылары: ҚР БҒМ Экономикалық және кәсіптік білім департаменті, Алматы қаласының Білім басқармасы, Алматы қаласының кәсіпкерлер палатасы, "Салалық қауымдастықтар мен кәсіптік білім беру ұйымдарының одағы" ЗТБ, Алматы Менеджмент Университеті (ALMAU); Халықаралық Бизнес Академиясының колледжі, Алматы қ.
6. Гранд турнирді өткізу мерзімі: 2020 жылдың қараша айының 10 мен желтоқсан айының 15 аралығы. Өтінімдерді қабылдау 2020 жылғы желтоқсан айының 1 дейін жүргізіледі.

**ГРАНД ТУРНИРДІ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ**

1. Гранд турнир Іскерлік экономикалық ойын мен Дебаттан тұрады.
2. Іскерлік экономикалық ойынға қатысу шарттары:
  - 2.1 Қатысушылар: колледж студенттері, 3 адамнан аспайтын колледж командалары.
  - 2.2 Команда жетекшісі ретінде оқу орнының бір өкілі (оқытушы, куратор) тағайындалуы тиіс.
  - 2.3 Іскерлік экономикалық ойын келесі бағыттар бойынша өткізіледі:
    - әлеуметтік кәсіпкерлік;
    - сауда және қызмет көрсету;
    - өндіріс;
    - байланыс және ақпарат, білім беру;
    - шоу бизнес және мәдениет;

- туризм, экология.

2.4 Іскерлік экономикалық ойынға қатысу үшін қатысушы немесе команда Canvas стратегиялық жоспарлау құралын қолданып, Бизнес жоспарлауда canvas бизнес моделі ретінде ұсынылған бизнес жобаны (1 бет, 1 слайд) (А Қосымшасы) және жобаны қорғау сәті бейнеленген видеоны дайындап, осы видеоны "YouTube" арнасына орналастыруы қажет (көруге мүмкіндік беретін жасырын немесе жеке режимде жүктеуге болады). Видеоның ұзақтығы үш минуттан аспауы керек.

2.5 Үздік жұмыстар жариялы түрде онлайн қорғауға іріктіледі.

2.6 Бизнес жобаны жариялы онлайн қорғауға 10 минут беріледі (бизнес-модельді ұсынуға 5 минут және қазылар алқасының сұрақтарына жауап беруге 5 минут).

2.7 Колледж командалары әр бағытқа бір жоба болған жағдайда бірнеше бағыт бойынша қатыса алады.

3. Дебатқа қатысу шарттары:

3.1 Қатысушылар: 3 адамнан аспайтын колледж командалары.

3.2 Өткізу форматы: ZOOM платформасы

4. Өтінімдер қабылдау және Гранд турнирді өткізу туралы толық ақпарат Халықаралық бизнес академиясы колледжінің сайтында //stab.kz (басты бетте "Мен-кәсіпкермін" батырмасы) орналастырылған.

5. Ұйымдастырушылар талаптарға сәйкес келмейтін өтінімдерді қабылдамауға құқылы.

### **ҚОРЫТЫНДЫЛАУ ЖӘНЕ ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ МАРАПАТТАУ**

Байқау қорытындысына сәйкес, әр бағыт бойынша жеңімпаздар мен олардың жетекшілері ҚР Білім және ғылым министрлігінің, Алматы қ. Білім басқармасының, Алматы қ. Кәсіпкерлер палатасының, «Салалық қауымдастықтар мен кәсіптік білім беру ұйымдарының одағы» ЗТБ, Халықаралық Бизнес Академиясының колледжінің грамота, диплом, алғыс хаттарымен және Алматы Менеджмент Университетінің (ALMAU) сертификаттарымен марапатталады.

#### **Жауапты тұлғалардың байланыс телефондары:**

##### **Іскерлік экономикалық ойын:**

Коштаева Гүлнұза Есеналиевна, +7(707)101-66-74.

Байшағирова Саягуль Асылбековна, +7 (707) 317-46-07

Кибарина Елена Ивановна, +7 (777) 241-88-50 (WhatsApp арқылы хабарласу)

Калмагамбетова Айжан Курмановна, +7(707)-768-21-34

##### **Дебат (Пікірсайыс):**

Сүлейменов Олжас Айдынович, +7 (747) 173-22-38

Шлымова Сауле Муратовна, +7 (775) 479-68-75

Бизнес-модель канвасының құрылымы  
(business model canvas)

Негізгі серіктестер	Қызметтің негізгі түрлері	Құнды ұсыныс	Клиенттермен қарым-қатынас	Тұтынушы сегменттері
	Негізгі ресурстар		Өткізу арналары	
Шығындар құрылымы			Кіріс ағындары	